# Армения Республикасының Президенті Р.Кочарянның Қазақстан Республикасына 1999 жылғы 1-2 қыркүйектегі ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 6 қаңтар N 20

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Армения Республикасының Президенті Р. Кочарянның Қазақстан Республикасына 1999 жылғы 1-2-қыркүйектегі ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Армения Республикасының Президенті Р. Кочарянның Қазақстан Республикасына 1999 жылғы 1-2 қыркүйектегі ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жарты жылда кемінде бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етіп отырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 6 қаңтардағы
N 20 қаулысымен бекітілген

Армения Республикасының Президенті Р. Кочарянның Қазақстан Республикасына 1999 жылғы 1-2 қыркүйектегі ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар
Жоспары

| N! | Іс-шара | ! Орындалу ! мерзімі | Орындалуына жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Мынадай құжаттардың заң күшіне енуі | | |

жөнінен қажетті мемлекетішілік
рәсімдерді жүргізу:

| | | |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасы арасындағы достық және ынтымақтастық туралы шарт | 2000 жылдың ішінде | Сыртқы істер министрлігі |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы экономикалық ынтымақтас. тық жөніндегі бірлескен комиссия құру туралы келісім | 2000 жылғы қаңтар | бұл да сол |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы еркін сауда туралы келісім | 2000 жылғы наурыз | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы әуе қатынасы туралы келісім | 2000 жылғы наурыз | Көлік және комму. никациялар министрлігі |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы кеден істеріндегі ынты. мақтастық және өзара көмек туралы келісім | -//- | Мемлекеттік кіріс министр. лігінің Кеден комитеті |
| Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті мен Армения Республикасының Кеден басқармасы арасындағы шекара арқылы заңсыз алып өткен мәдени құндылық. тарды ұстау және қайтару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісім | 2000 жылғы ақпан | бұл да сол |
| Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті мен Армения Республикасының Кеден | -//- | бұл да сол |

| | | |
|---|---|---|
| басқармасы арасындағы ынтымақтастық пен кеден құжаттарын өзара тану және кедендік қамтамасыз ету туралы келісім | | |
| Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті мен Армения Республикасының Кеден басқармасы арасындағы контрабандаға және кеден ережелерін бұзушылыққа, сондай-ақ есірткінің және психотроп. тық құралдардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім | -//- | бұл да сол |
| 2 Мынадай құжаттарды қол қоюға әзірлеу: | | |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі ара. сындағы инвестицияны көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім | 2000 жылғы қаңтар | Инвестициялар жөніндегі агенттік |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі ара. сындағы экономика саласындағы қыл. мыстарға және салық заңдарын бұзушы. лыққа қарсы күрес жөніндегі ынтымақ. тастық және ақпарат алмасу туралы келісім | 2000 жылғы наурыз | Мемлекеттік кіріс министрлігі |
| Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Армения Респуб. ликасының этил спиртін және алкоголь өнімдерін өндіру және айналымға түсіру саласына бақылау жасауды жүзеге асыратын тиісті құрылымдары арасындағы өзара ынтымақтастық және ақпарат алмасу туралы келісім | 2000 жылғы қаңтар | бұл да сол |
| Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Армения Республикасының | 2000 жылғы наурыз | Әділет министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Әділет министрлігі арасындағы ынтымақ. тастық туралы келісім | | |
| | Қазақстан Республикасының Әділет министр. лігі мен Армения Республикасының Әділет министрлігі арасындағы сот сараптамасы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | -//- | бұл да сол |
| | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Армения Республикасының Орталық Банкі арасындағы есеп айырысуларды ұйымдастыру туралы келісім | 2000 жылғы қаңтар | Ұлттық Банк (келісім бойынша) |
| | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Армения Республикасының Орталық Банкі арасындағы қаржы-банк жүйесіндегі ақпарат және зерттеулер алмасу саласын. дағы ынтымақтастық туралы келісім | -//- | бұл да сол |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасын. дағы әскери-техникалық және қорғаныс-өнеркәсіптік ынтымақтастық туралы келісім | -//- | Қорғаныс министрлігі |
| 3 | Ереван қаласында экономикалық ынтымақ. тастық жөніндегі қазақстан-армян үкіметаралық комиссиясының бірінші мәжілісін өткізудің мерзімін және комиссияның қазақстандық бөлігінің құрамын келісу | 2000 жылдың I тоқсаны | Сыртқы істер министрлігі |
| 4 | Қазақстан Республикасы Президентінің Армения Республикасына ресми сапарын әзірлеу | 2000 жылдың ішінде | бұл да сол |
| 5 | Армения Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізу | -//- | бұл да сол |
| 6 | Мынадай құжаттардың жобаларын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | енгізу: | | |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі ара. сындағы тауралар (жұмыс, қызмет көр. сетулер) экспорты және импорты кезінде жанама салықтар салу принцип. тері туралы келісім | 2000 жылдың I жарты- жылдығы | Қаржы министрлігі Мемлекеттік кіріс министрлігі |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасын. дағы темір жол көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | 2000 жылдың II тоқсаны | Көлік және комму. никациялар министрлігі |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі ара. сындағы халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісім | -//- | бұл да сол |
| 7 | Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасы арасындағы сауда-экономи. калық ынтымақтастықтың жай-күйі мен перспективалары туралы | | |
| | Қазақстан аумағында астықты өндіру, өңдеу және сақтау жөнінде бірлескен кәсіпорындар құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметіне нақты ұсыныс. тар енгізу | 2000 жылғы қаңтар | Ауыл шаруашылығы министрлігі "Азық-түлік корпорациясы" ЖАҚ (келісім бойынша) |
| | Армения Республикасымен ауыл шаруа. шылығы саласындағы ынтымақтастықтың басымдықтарын нақтылау | -//- | Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| | Армения темір жолының вагондарды пайдаланғаны үшін "Қазақстан темір жолы" РМК алдындағы берешек. терін өтеу мәселесін қарау | 2000 жылғы қаңтар | Көлік және комму. никациялар министрлігі |
| | Астана қаласында Арменияның Сауда орталығын ашу туралы мәселені қарау | -//- | Астана қаласының әкімі |

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК